

Бекітілді:
«Ломбард Алтын-Төбе» ЖШС
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
2024 ж. «08» 20 № _____
шешімімен/хаттамасымен



М.О.

«Ломбард Алтын-Төбе» ЖШС
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру

ЕРЕЖЕСІ

_____ Қ.
2024 ж

БӨЛІМНІҢ АТАУЫ	Бет
М А З М Ұ Н Ы :	
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	
2. НЕГІЗГІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР	
3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ.	
4. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.ЛОМБАРДТА ЗАТТАРДЫ (кепілзаттық билеттерді) КЕПІЛГЕ САЛУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.	
5. МИКРОКРЕДИТ БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ	
6. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАСЫ	
7. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	
8. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	
9. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	
10. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ	
11. ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ	

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «_____» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің микрокредиттер беру ережелері (бұдан әрі Ережелер деп аталады) «_____» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын Ломбард) жеке тұлғаларға (бұдан әрі Қарыз алушы деп аталады) бір жылға дейінгі мерзімге республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен микрокредиттер беру тәртібі мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Ломбард микрокредитті Қарыз алушыға АҚШ долларының немесе өзге де шетел валютасының бағамына байланыстырмай, осы Ережелерде және «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі Заң деп аталады) айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз етілу шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен ғана береді.
- 1.3. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының 26.11.2012 ж. № 56-V «Микроқаржы қызметі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 28.11.2019 ж. № 226 Қаулысымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген «Ломбардта заттарды сақтау, ломбард үй-жайларының қауіпсіздігін және техникалық ірілендірілуін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды белгілеу, ломбардтарда заңсыз өндірілген заттардың айналымына қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қоса алғанда, ломбард қызметін ұйымдастыру қағидаларына» сәйкес әзірленді.
- 1.4. Осы Ережелер «_____» микрокредит беру бағдарламалары бойынша Ломбардта микрокредиттер беру туралы шарттарды және заттарды кепілге қою туралы шарттарды жасасу тәртібі мен талаптарын белгілейді (микрокредит беру туралы шарттар бойынша микрокредиттер 45 АЕК-ке дейінгі мөлшерде беріледі) және «_____» (микрокредит беру туралы шарттар бойынша, 45 АЕК-тен жоғары мөлшерде).
- 1.5. Осы Ережелер Қарыз алушының (Өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде орналастырылған және микрокредит беру туралы шарттың, Ломбард пен Қарыз алушы арасында жасалатын микрокредит беру туралы шарттың, сондай-ақ Ломбардтың кепілзаттық билетті беруі ресімдейтін Ломбардтағы заттарды кепілге салу туралы шарттың үлгі талаптарының ажырамас бөлігі болып табылады.
- 1.6. Ломбард Қарыз алушыға микрокредит беру бағдарламасына байланысты республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредит сомасына күнтізбелік ____ (____) күннен 1 (бір) жылға дейінгі мерзімге микрокредит береді.
- 1.7. Ломбард жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асырады. Құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды есепке алуды, сақтауды және сатуды қосымша жүзеге асырады.
- 1.8. Ломбард қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшері туралы, қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы және микроқаржы ұйымының операциялары туралы мәліметтерді қамтитын микрокредит беру құпиясына кепілдік береді (микрокредиттер беру қағидаларын қоспағанда).
- 1.9. Ломбардтың жұмыс кестесі:
- Күн сайын ____ бастап ____ дейін;
- Жұмыс кестесі мемлекет енгізген шектеулерге сәйкес өзгертілуі мүмкін.
- ## 2. НЕГІЗГІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР
- 2.1. **Сыйақы** – ұйымға тиесілі ақшаның жылдық мөлшерінің есебінен микрокредит сомасына пайыздық көрсеткіш бойынша айқындалған, ұсынылған микрокредит үшін ақы

2.2. Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт – Кепіл беруші микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті Кепіл ұстаушыға кепілге беретін шарт. Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт Ломбардтың Кепілзаттық билетті беруімен ресімделеді.

2.3. Микрокредит беру туралы шарт (Кепілзаттық билет) – белгіленген мөлшерде сыйақы есептей отырып және Қарыз алушының шартта белгіленген мерзімде ақша сомасын және есептелген сыйақыны қайтару міндеттемесімен Ломбардтың Қарыз алушыға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілдікке беруі туралы шарт:

2.3.1. Микрокредит беру туралы шарт, 45 АЕК-ке дейін - жеке тұлғамен күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге, шарт мынадай талаптарға сәйкес келген кезде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жасалған микрокредит беру туралы шарт:

1) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бірлескен нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспайды. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері - 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыз;

«___» микрокредит беру бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт осы және «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Шарт болып табылады.

2.3.2. «___» 45 АЕК-тен жоғары микрокредит беру туралы шарт (кепілзаттық билет) - жеке тұлғамен бір жылға дейінгі мерзімге жасалған, шарт мынадай талаптарға сәйкес келген кезде, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредит беру туралы шарт шарттары:

1) микрокредит беру туралы шарт бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспайды. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері - 46 (қырық алты) пайыз;

«___» микрокредит беру бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт осы және «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Шарт болып табылады.

2.4. Берешек - микрокредит беру туралы шарт, Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт бойынша Қарыз алушы Ломбардқа төлеуге жататын барлық ақшалай сомалар, осы Ережелерде, микрокредит беру туралы шартта, Ломбардта заттарды кепілге беру туралы шартта көзделген микрокредит сомасын, сыйақылар мен тұрақсыздық айыбын қоса алғанда

2.5. Кепіл беруші - Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын, микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге беретін әрекетке қабілетті жеке тұлға.

2.6. Кепіл ұстаушы - микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде жеке тұлғалардан кепілге жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті қабылдауды жүзеге асыратын «_____» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

2.7. Кепілзаттық билет – кепіл заты және микрокредит беру талаптары туралы мәліметтерді қамтитын Ломбард Ломбардтағы заттардың кепілі туралы шартты ресімдеу кезінде беретін микрокредит беру туралы шарт.

2.8. Қарыз алушы - Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын, Ломбардпен жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлік кепілімен микрокредит беру туралы шарт жасасқан әрекетке қабілетті жеке тұлға.

- 2.9. **Өтініш беруші** - Ломбардқа микрокредит беруге өтініш берген, Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын әрекетке қабілетті жеке тұлға.
- 2.10. **Сыйақының мәні** – шекті мөлшері Заңның 4-бабы 3-1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес белгіленетін микрокредит үшін төлемақы;
- 2.11. **Атаулы сақтау түбіртегі** - атаулы сақтау түбіртегінің мерзімі өткеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде сақтауда тұрған зат және Ломбардтың затты сақтау жөніндегі міндеттері туралы мәліметтерді қамтитын, Ломбард затты Ломбардта сақтау шартын жасасқан кезде бере алатын құжат.
- 2.12. **Кредиттік досье** – Ломбард әрбір Қарыз алушыға қалыптастыратын құжаттар мен мәліметтер.
- 2.13. **Кредиттік бюро** – кредиттік тарихты қалыптастыруды, кредиттік есептерді ұсынуды және өзге де қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйым.
- 2.14. **Ломбард** - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге салып, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыратын «Ломбард Алтын-Төбе» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Ломбард осы Ережелерде белгіленген тәртіппен Қарыз алушының келісімін алған жағдайда Ломбардтың кепілзаттық билетті беруімен ресімделетін микрокредит беру туралы шарт пен Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт жасасады:
- ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ұсыну;
 - кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беру.
- 2.15. **Айлық есептік көрсеткіш** – Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген АЕК.
- 2.16. **Микрокредит** – микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым Қарыз алушыға Заңда және осы Ережелерде айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және қамтамасыз ету шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен беретін ақша.
- 2.17. **Талап етілмеген зат** - Ломбардта сақтауда тұрған және атаулы сақтау түбіртегінің мерзімі өткеннен кейін Сақтауға жүк тапсырушы талап етпеген зат.
- 2.18. **Тұрақсыздық айыбы** – микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін Қарыз алушы Ломбардқа осы Ережелерде және микрокредит беру туралы шартта айқындалған мөлшерде, микрокредит беру бағдарламасына қарай төлейтін ақшалай сома.
- 2.19. **Сақтауға жүк тапсырушы** - Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы (тұруға ықтиярхаты бар шетел азаматы) болып табылатын, атаулы сақтау түбіртегінің шарттарына сәйкес затты Ломбардқа сақтауға беретін әрекетке қабілетті жеке тұлға.
- 2.20. **Кепіл заты** - жеке пайдалануға арналған, микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін жылжымалы мүлік.
- 2.21. **Кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге келісімі/ Кредиттік тарих субъектісінің кредиттік бюродан кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімі** – «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ломбард бекіткен құжаттар, оларды қабылдай және қол қоя отырып, Қарыз алушы ол туралы

ақпаратты кредиттік бюроға беру және кредиттік бюродан кредиттік есеп беру талаптарымен келіседі.

2.22. **Микрокредит бойынша артық төлеу сомасы** - микрокредит затын қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдерінің сомасы;

2.23. **Уәкілетті орган** – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2.24. **ХӘОТ** - «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтары

2.25. **Сауалнама** - өтініш Ломбардқа өтініш жасаған кезде қарыз алушы туралы өзі берген мәліметтер.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУГЕ ӨТІНІШ БЕРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ.

3.1. Өтініш беруші Ломбардқа жүгінген кезде Ломбардтың қызметкері Өтініш берушіге микрокредит беру бағдарламалары, микрокредит беру туралы шарт, Ломбардтағы заттардың кепілі туралы шарт туралы толық және анық ақпарат бере отырып, консультация жүргізеді, атап айтқанда:

- микрокредит беру бағдарламаларының шарттары туралы;
- микрокредит беру тәртібі туралы;
- микрокредит беру туралы шарттың, Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарттың (Кепілзаттық билеттің) талаптары туралы;
- микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы, оның ішінде микрокредит сомасын, сыйақы мен тұрақсыздық айыбын төлеу тәртібі мен шарттары туралы;
- Өтініш берушінің/Қарыз алушының, Кепіл берушінің/Ломбардтың құқықтары мен міндеттері туралы;
- микрокредит беру туралы шарт, Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі туралы;
- микрокредит беру құпиясына кепілдік беру туралы;
- микрокредит және кепіл заты бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар туралы;
- Өтініш берушіні қызықтыратын микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы өзге де мәліметтер.

3.2. Ломбард «___» микрокредит беру бағдарламасы бойынша микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін Өтініш берушіге микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады.

Өтініш берушіге Ломбард жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылады:

- сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.

Ломбард Микрокредиттер беру ережелеріне және микрокредит берудің барлық бағдарламалары бойынша микрокредит беру туралы шартқа сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

3.3. Ломбард микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін Өтініш берушіге микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабарлайды. Ломбард ұйым жүзеге асырған жоғарыда көрсетілген іс-шаралар тізбесін міндетті тіркеуді жүзеге асырады, ол микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының кредиттік досьесіне тігіледі.

3.4. Микрокредит беруге өтініш берген кезде Өтініш беруші Ломбардқа оның әрекет қабілеттілігінен айырылмайтынына және шектелмейтініне, қорғаншылықта, қамқоршылықта және патронажда болмайтынына кепілдік береді.

3.5. Өтініш беруші микрокредит берудің нақты бағдарламасына мүдделі болған кезде Ломбардтың қызметкері Өтініш берушіге микрокредит беруге өтініш беру үшін қажетті құжаттар тізбесін және ақпаратты ұсынады, сондай-ақ микрокредит беруге өтінішті толтыру үшін қажетті ақпаратты сұратады.

3.6. Өтініш берушіден микрокредит беруге арналған сауалнама-өтінішті толтыру үшін жеткілікті қажетті ақпарат пен құжаттарды алғаннан кейін Ломбард қызметкері деректерді микрокредит беруге арналған сауалнама-өтінішке электрондық түрде енгізеді және оны басып шығарады.

3.7. Ломбард қызметкері Өтініш берушіні Өтініш беруші бойынша кредиттік бюроларға ақпарат беруге, алуға, дербес деректер мен кірістерді айқындайтын мәліметтерді ашуға және алуға келісім, Қарыз алушы туралы ақпаратты ішкі істер органдарына беруге келісім, кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге келісім нысандарымен, сондай-ақ қажет болған жағдайда, Ломбардтың ішкі талаптарына сәйкес қосымша құжаттар. Өтініш беруші көрсетілген құжаттардағы ақпаратпен танысады және оларға Ломбард бөлімшесінде өз қолымен қол қояды.

3.7.1. **Ломбард** - республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі мерзімге жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге салып, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыратын «Ломбард Алтын-Төбе» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Ломбард жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым микрокредит алу үшін өтініш жасау тәсіліне қарамастан жеке тұлғаны жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері немесе сыйақының мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт жасалған жағдайда), сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредит нақты құны), микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етеді, сондай-ақ осы шарт бойынша қарыз алушының кредиттік досьесіне қоса тіркелетін микроқаржы ұйымы жүзеге асырған іс-шаралардың тізбесін міндетті түрде тіркей отырып, Заңның 7-бабы 2-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады. (2024 жылғы 1 сәуірден бастап қолданылады)

3.7.2. Өтініш берушіден кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісім алғаннан кейін Ломбард Өтініш беруші белгілеген микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартудың бар-жоғын тексереді. Мұндай бас тарту болған кезде Ломбард Қарыз алушыға микрокредит беруден бас тартады.

3.8. Микрокредит алу үшін Өтініш беруші Ломбардқа мыналарды береді:

- микрокредит беруге сауалнама-өтінішті;

- Өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты – жеке куәлік немесе төлқұжат, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетел азаматы шетелдіктің тұруға ықтиярхатын;

- қажет болған жағдайда мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттың болуы (меншік құқығы тіркелуге жатпайтын мүлік үшін);

- осы Ережелерде айқындалған және Өтініш берушінің микрокредит беру бағдарламасын таңдауына байланысты басқа да құжаттарды;

- 1 000 АЕК-ге тең немесе одан асатын микрокредит сомасы кезінде және егер Өтініш беруші некеде тұрса, Өтініш берушінің жұбайының (зайыбының) келісімі беріледі. 1 қыркүйектен бастап қолданылады

3.9. Микрокредит беруге арналған сауалнама-өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші оның осы Ережелермен танысқанын және келісетінін растайды.

3.10. Микрокредит беруге арналған сауалнама-өтінішке қол қоя отырып, Өтініш беруші Ломбардқа өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге өз келісімін береді, оны ол еркін, өз бетінше және өз мүддесінде Ломбард қызметкеріне ауызша және жазбаша нысанда береді.

3.11. Қызметкер Өтініш берушіге микрокредит беруге арналған өтінішті және Өтініш беруші ұсынған құжаттарды тексеру микрокредитті міндетті мақұлдауды көздемейтіні және микрокредит беру туралы шешімді Ломбард Өтініш беруші ұсынған оның төлем қабілеттілігі мен кредит қабілеттілігі туралы мәліметтерді тексеру және бағалау нәтижелері негізінде қабылдайтыны туралы хабарлайды.

3.12. Ломбард қызметкерінің микрокредит беруге өтінішті қарауға қабылдауы, сондай-ақ Өтініш берушінің ықтимал шығыстары (микрокредит беруге өтініш беру үшін қажетті құжаттарды, оның ішінде құжаттардың көшірмелерін және т.б. ресімдеуге) Ломбардтың микрокредит беру туралы шарт жасасуға, микрокредит беруге, Ломбардта заттар кепілі туралы шарт (Кепілзаттық билеті) жасасуға немесе Өтініш беруші шеккен шығындарды өтеуге қатысты міндеттемелерге алып келмейді. Ломбард қызметкерінің кепіл затын тексеріп қарау, бағалау және Кепіл берушінің консультациялары жөніндегі іс-әрекеттері Кепіл берушінің Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт (кепілзаттық билеті) жасауды және микрокредит беруді талап етуі үшін негіз болып табылмайды.

3.13. Ломбард қызметкері құжаттарды тексеру және талдау нәтижелері бойынша микрокредитті қайтармаудың минималды қолайлы тәуекелі бар өтінішті мақұлдайды.

3.14. Ломбард Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Өтініш беруші хабарлаған кез келген ақпаратты тексеру құқығын өзіне қалдырады. Ломбардтың қызметкері кепіл затын тексеруді жүргізеді, оны Өтініш беруші бекітілген микрокредит беру бағдарламалары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде ұсынуға ниетті. Микрокредит беруге арналған өтініш мақұлданған кезде Өтініш берушіге микрокредиттің сомасын және өтеу мерзімін (қайтару мерзімін) айқындайды.

3.15. Өтініш беруші микрокредит талаптарымен келіскен жағдайда, Өтініш беруші Ломбардта микрокредит беру туралы шартты, заттардың кепілі туралы шартты (Кепілзаттық билетті) жасасу үшін Өтініш беруші таңдаған микрокредит беру бағдарламасымен бекітілген қосымша құжаттар мен кепіл затын ұсынуға міндетті.

3.16 Ломбард өтініш берушіге бас тарту себебін түсіндірместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы. Өтініш беруші шарт жасасудан бас тартуға құқылы.

4. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ.

4.1. Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібі, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптар, микрокредитті өтеу кестесінің нысаны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында (328-бап) және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына,

ресімделуіне, міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы" 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысында белгіленген талаптар (бұдан әрі – ҚНРДА Басқармасының қаулысы деп аталады) және осы Ережелер ескеріле отырып ресімделеді.

4.2. Ломбард маманы микрокредит беруге арналған өтінішті қанағаттандыру туралы шешім қабылдағаннан және қызметкер өтінішті қанағаттандыру туралы шешімді Өтініш берушіге хабарлағаннан кейін Ломбард қызметкері Қарыз алушыға (өтініш берушіге) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда ықтимал салдары туралы хабарлайды, өтеу кестесімен микрокредит беру туралы шартты және «_____» микрокредиттеу бағдарламасына сәйкес Ломбардтағы (Кепілзаттық билет) заттарды кепілге қою туралы шартты дайындайды.

4.3. Өтініш беруші Ломбардқа шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады, оның ішінде:

4.3.1. Кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ол туралы ақпарат беруге, сондай-ақ кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есеп беруге Қарыз алушының келісімі;

4.3.2. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөніндегі талаптарды орындау мақсатында Ломбардқа қажетті мәліметтер.

4.3.3. «Микрокредит алу үшін қажетті құжаттардың тізбесін, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша кредиттік досьені жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 210 қаулысымен бекітілген басқа да құжаттар.

4.4. Өтініш беруші микрокредит беру туралы шарттың (Кепілзаттық билет); Сақтау түбіртегінің; Жеке деректерді жинауға және өңдеуге келісімнің Өтініштің мәтінімен танысады. Өтініш беруші құжаттардың мәтінімен танысқаннан кейін:

- Өтініш беруші өз қолымен құжаттарға қол қояды;

- Ломбардтың атынан құжаттарға қол қоюға уәкілетті қызметкер барлық құжаттарға сенімхатпен қол қояды және Ломбардтың мөрімен бекітіледі.

4.5. Ломбард қызметкері Қарыз алушыға микрокредит (кепілзаттық билет) беру туралы шарттың, Сақтау түбіртегінің бір-бір данасын береді.

4.6. Шартта тиісті түрдегі шарттар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар, тараптардың келісімі бойынша айқындалған талаптар, сондай-ақ мынадай міндетті талаптар қамтылады:

- 1) шарттың жалпы талаптары;
- 2) Қарыз алушының құқықтары;
- 3) ұйымның құқықтары;
- 4) ұйымның міндеттері;
- 5) ұйым үшін шектеулер;
- 6) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 7) шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі.

4.7. Шарттың жалпы талаптары мыналарды қамтиды:

- 1) шарт жасалған күнді;
- 2) Қарыз алушы – жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің атын (ол болған кезде);
- 3) микрокредит сомасын (микрокредит мәні), микрокредит бойынша артық төлеу сомасын, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтерді (бар болса). Бұл ретте микрокредиттің толық құны туралы ақпарат (микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредит мәні) шарттың бірінші бетінде көрсетіледі;

4) микрокредитті өтеу мерзімдерін;

5) «_____» бағдарламасы бойынша микрокредиттер үшін жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін немесе «_____» бағдарламасы бойынша сыйақы мәнін (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарт жасалған жағдайда), сондай-ақ осы Ережелердің 6 және 7-бөлімдеріне сәйкес шарт жасасу күніне есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін (микрокредиттің нақты құны);

6) микрокредитті өтеу тәсілін: бір рет немесе бөліп-бөліп, қолма-қол ақшамен – касса арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен – ұйымның банк шотының деректемелерін көрсете отырып;

7) микрокредитті өтеу әдісін (аннуитеттік, сараланған немесе осы микрокредиттерді беру қағидаларына сәйкес басқа әдіс);

8) микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігін;

9) негізгі борышты уақтылы өтемегені және сыйақыны төлегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазу тәртібін және оның мөлшерін;

10) Қарыз алушының шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуді (бар болса);

11) Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған кезде ұйым қабылдайтын шараларды;

12) шарттың қолданылу мерзімін;

13) ұйымның пошталық мекенжайы және электрондық мекенжайы туралы ақпаратты, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы (ол болған кезде) туралы деректерді;

14) ұйым шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың Қарыз алушымен шарт шеңберіндегі өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талап.

4.8. Қарыз алушының құқықтары мынадай мүмкіндіктерді көздейді:

1) микрокредиттер беру қағидаларымен, микрокредиттер беру жөніндегі ұйымның тарифтерімен танысу;

2) алынған микрокредитке шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда билік ету;

3) негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей төлеу, егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе);

4) ұйымға шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

5) Қарыз алушы – жеке тұлғаның ұйымның шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған және (немесе) жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішіне негіз болатын, оның ішінде төменде көрсетілгендерге байланысты басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтер бар өтініш берген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде баруы;

сыйақы мөлшерлемесін не шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

микрокредит мерзімін өзгертуге;

мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;

ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуға;

Бұл ретте Қарыз алушы өз өтінішінде кірістердің төмендеу себебін көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік және материалдық жағдайды растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Қарыз алушы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішпен мынадай жағдайларда жүгінуге құқылы:

- қарыз алушыны жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркеу

- қарыз алушының әлеуметтік мәртебесінен өзгеруі, атап айтқанда ХӨОТ-қа жатқызу, сол сияқты орташа айлық табыстың төмендеуіне әсер еткен қарыз алушының бірге тұратын жақын туысы, жұбайы (зайыбы) ХӨОТ мәртебесін алу
- қарыз алушының ауруына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы (3 айдан астам)
- қарыз алушының бала күтімі бойынша демалысқа шығуы
- қарыз алушыны мерзімді әскери қызметке шақыру
- қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) науқастануына (әлеуметтік мәні бар аурулар қатарынан) не қайтыс болуына байланысты отбасылық мән-жайлар
- қарыз алушыға материалдық залал келтірген мән-жайлар (ұрлық, өрт және т.б.)

6) Қарыз алушы – жеке тұлға Ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардты бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы;

7) Қарыз алушы – жеке тұлғаның тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін осы Қарыз алушымен жасалған шарт бойынша Ломбард құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда, банк омбудсманына жүгінуі;

8) алынатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша өтініш білдіру;

9) егер Ломбард берілген Кепілзаттық билет бойынша жақсартатын шарттарды біржақты тәртіппен қолданған жағдайда және Қарыз алушы олармен келіспеген жағдайда, ол Кепілзаттық билетте көзделген тәсілдермен бас тарту туралы хат жолдай отырып, тиісті хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде олардан бас тартуға құқылы.

4.9. Ломбардтың құқықтары мынадай мүмкіндіктерді көздейді:

1) шарттың талаптары Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерген кезде, мұндай өзгеріске Қарыз алушыдан келісім болған кезде ғана;

2) Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған жағдайда микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

3) Қарыз алушы-жеке тұлғаның өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және Қарыз алушы-жеке тұлға берешек бойынша қарсылықтар білдірмеген жағдайда, негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, берешекті қарыз алушы-жеке тұлғаның келісімін алмай нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде өндіріп алу.

4) Қарыз алушыдан қажетті ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;

5) Кепілзаттық билет бойынша құқықты (талапты) Қарыз алушының келісімінсіз микроқаржы қызметі туралы заңнамада көрсетілген тұлғаларға беру;

6) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы үшінші тұлғаға микрокредит аударуды жүзеге асыру;

7) «Микроқаржы қызметі туралы» ҚР заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Кепілзаттық билетте белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

4.10. Ломбардтың міндеттері:

1) Қарыз алушыға оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ Кепілзаттық билет бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда ықтимал салдарлар туралы хабарлау;

2) Қарыз алушыға, егер ол мерзімді әскери қызметке шақырылған жағдайда, мерзімді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 күнді қамтитын кезеңге негізгі

борыш пен сыйақы бойынша төлемді микрокредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыруды ұсыну;

3) шарт бойынша ұйым құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға ету талаптары қамтылған шартты (бұдан әрі – талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасасу кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар ету:

Микрокредит беру туралы Шарт бойынша құқықтардың (талап етулердің) үшінші тұлғаға ету мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы өзгеге беру шарты жасалғанға дейін;

үшінші тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша одан әрі төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)) және төлеуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талап етудің) ауысуы туралы (микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері не микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқаруға берген жағдайда – сервистік компанияның).

4) Қарыз алушыны шартта көзделген тәсілмен және мерзімде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей хабардар ету:

шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

Қарыз алушы – жеке тұлғаның шарт бойынша Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;

Қарыз алушының шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

Шартта, егер хабарлама борышкерге шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі деген талап қамтылады:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған;

жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып;

5) Қарыз алушы – жеке тұлғаның өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және Қарыз алушы – жеке тұлғаға жазбаша нысанда немесе мыналар туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлау:

шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні туралы;

берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту туралы;

6) шартта көзделген тәртіппен жақсартушы талаптарды ұйым қолданған кезде Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны хабардар ету;

7) тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесінің шартына қосымша.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде ұйым жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

4.11. Ломбард үшін шектеулер мыналарға тыйым салуды көздейді:

1) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға;

3) жеке тұлға болып табылатын, ұйымға микрокредиттің сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап етуге;

4) шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға;

5) егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және (немесе) сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

6) кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге.

7) Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындаудың мерзімін өткізіп алудың қатарынан күнтізбелік тоқсан күні өткен соң есепке жатқызылған сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге;

8) Қарыз алушының Ломбард Кепілзаттық билеттің талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішін қарау кезеңінде микрокредитті мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге;

9) Қарыз алушыдан микрокредит беру туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау шарттары туралы келісім (шарт) жасасуға;

10) нотариаттық іс-әрекеттер жасау үшін Ломбардтың үлестес тұлғасы болып табылатын нотариуска жүгінуге;

11) Жеке тұлғамен жасалған Кепілзаттық билеттің қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтауды не жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайтуға;

12) мұндай қызметтерді коллекторлық агенттік және (немесе) сервистік компания Ломбардқа көрсететін жағдайларды қоспағанда, берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ берешекке байланысты ақпаратты жинау жөніндегі қызметтерді үшінші тұлғалардан алуға;

13) берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде Ломбардтың мыналарға құқығы жоқ:

- сотқа берешекті өндіріп алу туралы талап қойып жүгінуге;
- берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есепке жазуға құқылы емес.

4.12. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит алатын жеке тұлғамен жасалатын шартқа шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын титулдық парақ қоса беріледі.

Титулдық парақ шарттың бастапқы парақтары түрінде жазылады және осы бөлімде көрсетілген дәйектілікпен көзделген талаптарды қамтиды. Бұл ретте осы Ережелердің 4.7-тармағының 3) тармақшасында көзделген талап Шарттың бірінші бетінде баяндалады.

Шарттың мәтіні А4 форматындағы парақтарда, «Times New Roman» қарпімен көлемі 12-ден кем емес, әдеттегі әріптік, бір жоларалық интервалмен және абзац шегіністерін қолдана отырып басылады.

4.6-тармақтың 8), 10), 11) және 12) тармақшаларында көзделген талаптар шартта титулдық парақтан кейін көрсетілген кезектілікпен жазылады.

4.13. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу талаптарында шарт жасалған жағдайда, Қарыз алушыға ұсынылатын шарттың бір бөлігі (қосылу туралы өтініш) Талаптың 9-тармағы екінші бөлігінің талаптарына сәйкес келеді, сондай-ақ шартта тиісті реттілікпен көрсетілетін, осы тармақта көзделген талаптарды қамтиды. Бұл ретте қосылу туралы өтініш Шарттың титулдық парағына теңестіріледі.

5. МИКРОКРЕДИТ БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

5.1. Бір Кепілзаттық билет бойынша 45 (қырық бес) АЕК-тен аспайтын мөлшерде микрокредиттер берудің ең ұзақ мерзімі ұзарту мүмкіндігімен күнтізбелік 45 күнді құрайды.

30 күнтізбелік күнге несие беру.

5.2. Ломбардтың жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған бір кепілзаттық билет (шарт) бойынша жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы микрокредиттер беру жөніндегі қызметі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген АЕК-нің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде бір жылға дейінгі максималды мерзіммен шектеледі.

5.3. Ломбард микрокредиттің екі түрін бекітті:

- Шарттың бірінші түрі - 45 АЕК-ке дейін, мерзімі күнтізбелік 45 күннен аспайтын, ұзарту құқығымен («___» шарты).
- Шарттың екінші түрі - бір жыл ішінде ұзарту құқығымен 30 күн мерзімге 45 АЕК-тен жоғары, бірақ артық емес («___» шарты).

5.4. Өтініш беруші, кейіннен қарыз алушы өз кепілі шегінде микрокредит түрін дербес таңдайды.

6. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЯҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАСЫ

6.1. Көлемі ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) АЕК-тен аспайтын, күнтізбелік 45 (қырық бес) күнге дейінгі мерзімге берілетін «___» микрокредиттері бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлемесі ЖТСМ-нің 179 (жүз жетпіс тоғыз) %-нан аспайды.

6.2. Көлемі ағымдағы қаржы жылына белгіленген 45 (қырық бес) АЕК-тен асатын 1 (бір) күнтізбелік жылға дейінгі мерзімге берілетін «___» микрокредиттері бойынша сыйақылардың шекті мөлшерлемесі ЖТСМ-нің 46 (қырық алты) %-нан аспайды.

6.3. Ломбард микрокредит бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпаратты қамтитын жарнаманы таратқан және (немесе) орналастырған кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін міндетті түрде көрсетеді.

6.4. Микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты жасалған, шарт, сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруі және (немесе) жаңа комиссиялар мен өзге де төлемдерді өзгерту немесе енгізу күніне жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 6.1. және 6.2.-тармақтарында бекітілген шекті мөлшерден аспауға тиіс.

6.5. Микрокредит беру, қызмет көрсету және өтеу (қайтару) үшін Ломбардқа төленуге жататын комиссиялық және өзге де төлемдер болған кезде сыйақыны қамтитын Қарыз алушының шығыстарын ескере отырып есептелетін, микрокредит бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады.

Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері оның шекті

мөлшерінен аспауға тиіс.

6.7. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын Шарттың (кепілзаттық билеттің) талаптары өзгерген кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі басталғаннан бері қарыз алушы жасаған микрокредит бойынша жүргізілген төлемдерді есепке алмағанда, талаптар өзгертін күнге берешектің қалдығы, микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге алына отырып жүргізіледі.

7. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

7.1. Қарыз алушы берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін Ломбардка шартта белгіленген мөлшерде және мерзімде сыйақы төлейді. Сыйақы мөлшерлемелері әрбір микрокредит беру бағдарламасы үшін жеке бекітіледі және осы Ережелерде жазылған.

7.2. Сыйақы микрокредит беру туралы шартта көрсетілген мерзімде қолма-қол тәсілмен - Ломбард бөлімшелеріндегі Ломбард кассасына ақша енгізу арқылы не қолма-қол ақшасыз тәсілмен - Ломбардтың шартта көрсетілген банк шотына ақша аудару арқылы төленеді.

Үшінші тұлғалардың электрондық терминалдары арқылы қолма-қол ақшасыз төлемдерді (мысалы, банктік комиссиялар), төлемдерді жүзеге асыру үшін ықтимал шығыстарды қарыз алушы дербес көтереді. Мұндай жағдайларда Қарыз алушы жүргізетін төлемнің сомасы көрсетілген шығыстарды төлеуді ескере отырып, Ломбард қызметкеріне дербес хабарлануға тиіс.

7.3. Микрокредит бойынша сыйақы төлеу шарттың талаптарына және шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қарыз алушының Кепілзаттық билет бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда Қарыз алушымен жасалған Кепілзаттық билет бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) Ломбардтың Қарыз алушының берешегін соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;
- 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек.

7.4. Сыйақыны есептеу Қарыз алушы микрокредитті, сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (берешегі болған кезде) қайтару, сондай-ақ микрокредитті және есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын қайтару бойынша міндеттемені толық орындаған күннен кейінгі күннен бастап тоқтатылады.

7.5. Қарыз алушының жазбаша өтініші бойынша шартта көзделген микрокредитті өтеу мерзімі Ломбардтың қалауы бойынша қолданыстағы немесе жақсарту талаптарында ұзартылуы мүмкін. Микрокредитті өтеу мерзімі ұзартылған кезде ұсынылған микрокредиттің жалпы сомасына Шарттың және осы Ережелердің талаптары бойынша есептелген сыйақы есептеледі.

7.6. Есептелген сыйақылар толық өтелген жағдайда, Қарыз алушының ауызша өтініші негізінде микрокредитті ішінара, мерзімінен бұрын өтеуге жол беріледі. Бұл ретте микрокредитті одан әрі пайдаланғаны үшін сыйақы Кепілзаттық билет негізінде есептеледі.

7.7. «_____» бағдарламасы бойынша Қарыз алушының берешегі болған жағдайда Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, ол микрокредит бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін өтеу мақсатында мынадай кезектілікпен ескеріледі:

- 1) Ломбардтың Қарыз алушының берешегін соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;
- 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек.

8. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Қарыз алушы (Кепілзат беруші) Ломбардқа (Кепілзат ұстаушыға) өзіне меншік құқығымен тиесілі, жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге береді. Ломбардта кепіл құқығы Ломбардтың кепілзаттық билетті беруімен ресімделетін Ломбардта заттарды кепілге салу туралы шарт негізінде туындайды және Қарыз алушы міндеттемелерді бұзған жағдайда Ломбардқа кепілге салынған мүлік құнынан өтемақы алу құқығын береді.

8.2. Ломбард микрокредит беру туралы шарт бойынша қамтамасыз ету ретінде мыналарды қабылдайды:

- бағалы металдардан жасалған бұйымдарды;
- тұрмыстық/цифрлық техниканы

8.3. Микрокредит беру туралы шарт бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдарды қабылдайды. Кепілге берілетін зергерлік бұйымдарға қойылатын талаптар:

Ломбард әртүрлі өндірушілердің бағалы металдардан жасалған бұйымдарын, әртүрлі сынамаларды, оның ішінде қолөнер өндірісінің/қолдан жасалған бұйымдарды қабылдайды.

Ломбард материалдық жағынан ескірген және сапасы күмәнді зергерлік бұйымдарды кепіл заты ретінде қабылдамайды. Зергерлік бұйымдарға үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынбауға тиіс.

Ломбардтың құрамында бағалы металдар мен асыл тастар бар тұтас және жиынтықты зергерлік бұйымдарды зергерлік бұйымдардың сынықтары ретінде кепіл заты ретінде қабылдауына жол берілмейді.

8.4. Кепіл беруші, Ломбард кепілге беретін зергерлік алтын бұйымдардың түпнұсқалығын тексеру кезінде мынадай реактивтер мен аспаптар пайдаланылады:

- зергерлік алтын бұйымдар үшін 750 сынама (18 карат алтын) - қышқыл реактив;
- зергерлік алтын бұйымдар үшін 375 сынама (9 карат алтын) - қышқыл реактив;
- зергерлік алтын бұйымдар үшін 585-583 сынамалар (14 карат алтын) - хлор және қышқыл реактиві;
- күміс зергерлік бұйымдар үшін - хромпик;
- зергерлік алтын бұйымдар үшін - сынама тас;
- зергерлік алтын бұйымдар үшін - надфиль;
- бұйымның нақты салмағын анықтауға арналған таразылар;
- зергерлік бұйымдағы сынаманы және атаулы таңбаны нақтылауға арналған лупа.

8.5. Кепіл затын бағалау кезінде Ломбард қызметкері кепілзаттық мүліктің сапалық және сандық сипаттамаларын, оның өтімділігін ескереді. Зергерлік бұйымдар оның сапасы мен түпнұсқалығын тексеру үшін химиялық реактивтермен міндетті түрде тексеріледі.

Кепілге берілетін зергерлік бұйымды бағалауды Ломбард қызметкері кепілге берілетін зергерлік бұйымдарды бағалау жөніндегі Ломбардта бекітілген мөлшерлемелерге сәйкес жүргізеді.

8.6. Ломбард зергерлік алтын бұйымдарды ұксас бұйымдардың нарықтық құнының 10%-дан 90%-ға дейін бағалайды. Кепіл беруші бұйымжақсы жағдайда болған жағдайда ғана бұйымды бағалаудың максималды мөлшеріне сене алады.

Кепіл беруші кепіл ретінде берілетін зергерлік бұйымдарды немесе зергерлік бұйымдардың сынықтарын химиялық реактивтермен байқаудан немесе тексеруден бас тартқан жағдайда, бұл бұйымдарды Ломбард қабылдамайды.

8.7. Кепілзаттық билетте зергерлік алтын бұйымдардың сипаттамасы қамтылады, ол мыналарды қамтиды: жеке сәйкестендіру белгілері мен бұйымның сақталу дәрежесі көрсетілген зергерлік бұйымның атауы, бұйымның сынамасы, салмағы, оның мөлшері (қажет болған жағдайда), бағалау сомасы және өзге де шарттар.

8.8. Ломбардтың қызметкері кепілге берілген зергерлік бұйымдарды сақтау ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

8.9. Кепілзаттық билетте бұйымның сипаттамасы, оның ішінде: жеке сәйкестендіру белгілері, бұйымның сақталу дәрежесі және бар ақаулар көрсетілген атауы, бағалау сомасы және өзге де шарттар қамтылады.

8.10. Микрокредит беру туралы шарттар бойынша қамтамасыз ету ретінде Ломбард мыналарды кепілге қабылдамайды:

- 1) айналымнан алынған не айналымда шектелген мүлікті;
- 2) жылжымайтын мүлікті;
- 3) тыйым салынған мүлікті;
- 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлікті;
- 5) болашақта Кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлікті;
- 6) тез бұзылатын шикізатты, тамақ өнімдерін;
- 7) балаларға арналған керек-жарақтарды;
- 8) мүгедектердің жүріп-тұруына арнайы арналған көлік құралдарын, мүгедектердің техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдары мен арнайы жүріп-тұру құралдарын;
- 9) Қазақстан Республикасының халықаралық және мемлекеттік сыйлықтарын, мемлекеттік ордендерін, медальдары мен құрметті атақтарына омырауға тағатын белгілерін;
- 10) үлбірлі және басқа да бағалы киімдерді, асхана сервиздерін, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда, пайдалануда болған киім, аяқ киім, іш киім, төсек-орын керек-жарақтары, ас үй және асхана керек-жарақтарын;
- 11) зергерлік бұйымдардың сынықтары сияқты бағалы металдар мен асыл тастардан тұратын тұтас және толық зергерлік бұйымдарды.

9. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

9.1. ЖТСМ шекті мөлшерлемесін есептеу кезінде Ломбард Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашада № 208 бекіткен «Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларын» басшылыққа алады, олар мыналарды белгілейді:

Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі деп Реттеушінің ережелеріне сәйкес есептелетін микрокредит бойынша дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі түсініледі.

Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұндағы:

- n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;
- j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;
- S_j - қарыз алушыға j-төлем сомасы;
- APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
- t_j - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);
- m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;
- P_i - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;
- t_i - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі

уақыт кезеңі (күндермен).

9.2. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның оннан астам белгісі болса, ол былайша оныншы үлестерге дейін дөңгелектеуге жатады:

1) егер жүзінші үлес 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оныншы үлес 1-ге артады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;

2) егер жүзінші үлес 5-тен аз болса, оныншы үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

9.3. Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

9.4. Қарыз алушылардың микроқаржы ұйымдарына жүргізген төлемдері және микроқаржы ұйымдарының қарыз алушыларға төлемдері олардың нақты төлемдері күніне жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу мақсатында, болашақта - төлемдер кестесі бойынша ескеріледі.

Микроқаржы ұйымдары микрокредит беру туралы шартта жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін көрсетеді.

9.5. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу былайша жүргізіледі:

1) микрокредит беру туралы шартты, микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімдерді жасасу күніне;

2) Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) микрокредит беру туралы шартқа қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкеп соғатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда.

9.6. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгерген кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу берешектің қалдығы, талаптар өзгертін күнгі микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге алына отырып, Қарыз алушының микрокредит бойынша жүргізілген төлемдер ескерілмей жүргізіледі микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімі.

9.7. Микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға беру кезінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеуді микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) берілген үшінші тұлға жүргізеді.

9.8. Жылдық тиімді мөлшерлеме ЖТСМ есептеудің осы қағидаларына сәйкес қалыптастырылады.

10. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

10.1. Ломбард өтеу кестелерін есептеу кезінде микрокредитті өтеудің келесі әдістерін қолданады:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.

- микрокредит пен сыйақының толық сомасын қамтитын микрокредит бойынша берешекті өтеу микрокредитті өтеу мерзімінде бір біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын төлемдердің қосымша әдісі.

10.2. Жеке микрокредит бойынша негізгі борышты өтеу кезеңділігі, сондай-ақ микрокредитті өтеу әдісі микрокредит беру туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын микрокредитті өтеу кестесінде көрсетіледі.

11. БЕРЕШЕКТІ РЕТТЕУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМГЕ ҚАБІЛЕТСІЗ ҚАРЫЗ АЛУШЫҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР.

11.1 Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Ломбард Кепіл билетінде көзделген тәсілмен және мерзімде қарыз алушыны мыналар туралы хабардар етуге міндетті:

11.1.1 Кепілзаттық билет бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алудың туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;

11.1.2 қарыз алушының Кепілзаттық билет бойынша Ломбардқа жүгіну құқығы туралы;

11.1.3. Кепілзаттық билеті бойынша қарыз алушының өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

11.2 Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

11.3 Кепілзаттық билет бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу басталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қарыз алушы – Ломбардқа баруға және жазбапанысанда өтініш беруге не Ломбардтың электрондық мекенжайына Кепіл билетінде көрсетілген өзінің электрондық мекенжайынан Кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және Кепіл билетінің талаптарына өзгерістер енгізу туралы оның өтінішін негіздейтін, оның ішінде төменде көрсетілгендерге байланысты басқа расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын осындай өтініштің түрлі-түсті бейнесін жіберуге құқылы:

11.3.1 сыйақы мөлшерлемесін не Кепілзаттық билет бойынша сыйақы мәнін азайту жағына өзгертуге;

11.3.2 негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

11.3.3 берешекті өтеу әдісін немесе өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

11.3.4. микрокредит мерзімін өзгертуге;

11.3.5. мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;

11.3.6 кепілге салынған мүлікті Ломбардқа беру жолымен Кепілзаттық билет бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін ұсынуға.

Бұл ретте Қарыз алушы өз өтінішінде кірістердің төмендеу себепін көрсетуге, сондай-ақ әлеуметтік және материалдық жағдайды растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Қарыз алушы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішпен мынадай жағдайларда жүгінуге құқылы:

- 1) қарыз алушыны жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркеу
- 2) қарыз алушының әлеуметтік мәртебесінен өзгеруі, атап айтқанда ХӨОТ-қа жатқызу, сол сияқты орташа айлық табыстың төмендеуіне әсер еткен қарыз алушының бірге тұратын жақын туысы, жұбайы (зайыбы) ХӨОТ мәртебесін алу
- 3) қарыз алушының ауруына байланысты уақытша еңбекке жарамсыздығы (3 айдан астам)

4) қарыз алушының бала күтімі бойынша демалысқа шығуы

5) қарыз алушыны мерзімді әскери қызметке шақыру

6) қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) науқастануына (әлеуметтік мәні бар аурулар қатарынан) не қайтыс болуына байланысты отбасылық мән-жайлар

7) қарыз алушыға материалдық залал келтірген мән-жайлар (ұрлық, өрт және т.б.)

11.4 Ломбард Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Кепілзаттық билеттің талаптарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қарайды және Қосылу шартында көзделген тәсілмен Қарыз алушыға мыналар туралы хабарлайды:

11.4.1. Кепілзаттық билеттің талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісуі туралы;

11.4.2. берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары туралы;

11.4.3. бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Кепілзаттық билеттің шарттарын өзгертуден бас тарту туралы.

11.5 Қарыз алушы осы Ережелердің 11.4-тармағында көзделген Ломбардтың шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Кепілзаттық билеттің талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда Ломбардқа бір мезгілде хабарлай отырып, уәкілетті органға жүгінуге құқылы.

11.6 Уәкілетті орган Қарыз алушының өтінішін оның Ломбардқа өтініш білдіргені және Ломбардпен Кепілзаттық билеттің шарттарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегені туралы дәлелдемелерді ұсынған кезде қарайды. Қарыз алушының өтінішін уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

11.7 Осы осы Ережелердің 11.1.1-тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған жағдайларда, сондай-ақ осы Қосылу шартының 11.3-тармағында көзделген құқықтарды Кепілзаттық билет бойынша Қарыз алушының іске асырмауы не Қарыз алушы мен Ломбард арасында Кепілзаттық билеттің талаптарын өзгерту бойынша келісімнің болмауы:

11.7.1. Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарастыру. Шараларды қолдану туралы шешім қабылдау Ломбардтың микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады;

11.7.2. берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу мен реттеуге коллекторлық агенттікке беру. Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге Кепілзаттық билетте Ломбардтың коллекторлық агенттікті тартуға құқығы болған кезде; Қарыз алушы Кепілзаттық билет бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде жол беріледі;

11.7.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Кепілзаттық билетте көзделген шараларды қолдану, оның ішінде Кепілзаттық билет бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап-арызбен жүгіну, сондай-ақ кепілге салынған мүліктен соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алу;

11.7.4. Қарыз алушыда ақшалай міндеттемені орындау мерзімі қатарынан күнтізбелік тоқсан күннен асқан кезде Кепілзаттық билет бойынша құқықты (талаптарды) Қосылу шартында белгіленген талаптарды сақтай отырып, басқаға беру (бұл талап Қарыз алушыға қатысты "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен төлем

қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімі қолданылған жағдайда қолданыла алмайды).

11.8. Кепіл затын сатуға, сондай-ақ мұндай мүліктің Ломбардтың меншігіне өтуіне «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және осы Қосылу шартында белгіленген тәртіппен Қарыз алушының берешекті реттеу жөніндегі өтінішін Ломбард қараған кезеңде жол берілмейді.

11.9. Қарыз алушы – әскери қызметшіге негізгі борыш пен сыйақы бойынша мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін қамтитын кезеңге және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнге микрокредит бойынша сыйақы есептелмей төлемді кейінге қалдыруды беру тәртібі

11.9.1. Ломбард кредиттік бюродан мерзімді әскери қызметке шақырылған Қарыз алушы бойынша мәліметтерді алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде микрокредит бойынша сыйақы есептемей, Кепілзаттық билет бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерді мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдыруды (бұдан әрі – төлемдерді кейінге қалдыру) ұсынады, бұл туралы әскери қызметші-Қарыз алушыны жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен хабардар етеді.

11.9.2. Төлемдерді кейінге қалдыру Ломбард айқындайтын тәсілмен, микрокредит мерзімін ұлғайта отырып және төлемдер мөлшерін сақтай отырып, Кепілзаттық билетке қосымша келісімдерге қол қоймай ұсынылады. Микрокредит мерзімін ұлғайту туралы талап микрокредитті мерзімінен бұрын өтеу (қайтару) кезінде қолданылмайды.

11.9.3. Төлемдерді кейінге қалдырудан бас тартқан кезде әскери қызметші-Қарыз алушы (сенімхат бойынша әскери қызметші-Қарыз алушының мүддесінде әрекет ететін үшінші тұлға) Ломбард хабарламасын алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде жазбаша нысанда не ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен бас тарту туралы өтініш жібереді. Ломбард осы өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Қарыз алушыны Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен төлемдерді кейінге қалдырудың күшін жою және микрокредит бойынша сыйақыны есептеуді қайта бастау туралы хабардар етеді.

11.9.4. Әскери қызметші-Қарыз алушы әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін мерзімді әскери қызметтен босатылған кезде Ломбард оны әскери бөлімнің тізімдерінен алып тастаған күннен бастап 60 (алпыс) күн өткеннен кейін төлемдерді кейінге қалдыруды беруді тоқтатады және микрокредит бойынша сыйақыны есептеуді қайта бастайды, бұл туралы оны жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не Кепілзаттық билетте көзделген тәсілмен хабардар етеді.

11.9.5. Негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әскери қызметші-Қарыз алушы бойынша Ломбард мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін 60 (алпыс) күнді қамтитын кезеңге Ережелердің 11-бөлімінің тармақшасында көзделген шараларды қолданбайды (қолдануды тоқтата тұрады).

11.9.6. Әскери қызметші-Қарыз алушы әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткенге дейін мерзімді әскери қызметтен босатылған кезде Ломбард оны әскери бөлімнің тізімдерінен алып тастаған күннен бастап 60 (алпыс) күн өткен соң Ережелердің 11-бөлімінің тармақшасында көзделген шараларды қолдануды қайта бастайды.

11.9.7. Ережелердің 11.9.-11.9.6. тармақтарының талаптары заңды күшіне енген сот актісі бар Кепілзаттық билетке, Кепілзаттық билет бойынша берешекті өндіріп алу туралы атқарушылық жазбаға, Кепілзаттық билет бойынша берешекті реттеу үшін не Кепілзаттық

билет бойынша берешекті өндіріп алу туралы сот актісін орындау үшін жасалған бітімгершілік келісімге немесе дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге қолданылмайды.

12. ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ

12.1. Ломбардтың осы Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Ережелерге біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.

12.2. Ломбардтың сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы жоқ.

12.3. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде Ломбард Өтініш берушілерді, Қарыз алушыларды Ережелердің талаптарымен (өзгерістерімен) таныстыру мақсатында Ережелерді Өтініш берушілерге, Қарыз алушыларға қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Ломбард бөлімшелерінде орналастырады.

12.4. Ережелер Ломбард бөлімшелерінде орналастырылған сәттен бастап Ережелерге енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар Ломбардпен микрокредит беру туралы шарт (кепілдік билеттер) жасасқан барлық тұлғаларға қолданылады. Қарыз алушылар Ломбард бөлімшелерінде осы Ережелерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалауға тиіс.

12.5. Осы Ережелердің көшірмесі Ломбард қарыз алушысының (өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді орында, оның ішінде Ломбардтың интернет-ресурсында орналастырылады.

12.6. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард шартта соттан тыс тәртіппен көрсетілген кепілді күту мерзімі өткеннен кейін, сауда-саттық өткізбей, кепіл затын кепілдік берілген күту мерзімі өткеннен кейін және қарыз алушы мен Ломбардтың келісінде айқындалған және қол қойылған кепілзаттық билетте көрсетілген кепіл затының бағасына сәйкес өз меншігіне айналдырады.

Қарыз алушы кепілзаттық билетке қол қоя отырып, Қарыз алушы мен Ломбардтың келісінде айқындалған және олар қол қойған кепілзаттық билетте көрсетілген кепіл затының бағасына сәйкес сауда-саттық өткізбей, Ломбардтың кепіл затын соттан тыс тәртіппен меншігіне айналдыруына өзінің келісін білдіреді.

12.7. Ережелерде, Қосылу шартында, Кепілзаттық билетте, кепілмен қамтамасыз ету құнын айқындау әдістемесінде, кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру қағидаларында көзделмеген барлық өзге талаптарды Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орындауға тиіс.